

2023 жылғы 31 мамырдағы педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген күн: 2023 жылғы 31 мамыр

Қатыстандар: 18 педагог

Қатыспағандар: жоқ

Тақырыбы: Павлодар қаласының №43 сәбилер бақшасының өзін өзі бағалауын қорытындылау.

Мақсаты: Білім беру қызметтерінің сапасын арттыру бойынша мектепке дейінгі ұйым қызметінің тиімділігін талдау және өзін өзі бағалау.

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі ұйымның өзін өзі бағалау бойынша комиссия мүшелерінің есебі.

2. Ұйымның өзін өзі бағалау қорытындысы

Бірінші сұрақ бойынша комиссия мүшелері өздерінің есептерімен таныстырды.

Педагогикалық ұжымның 2020 жылдан бастап 2023 жылғы мамыр кезеңінде қызметтің барлық бағыттары бойынша мектепке дейінгі ұйымның өзін өзі бағалау қорытындыларымен талқыланды. Мектепке дейінгі ұйым штаттық кестеге сәйкес педагогикалық кадрлармен толық қамтылған. Ағымдағы жылы педагогтардың 61% жоғары педагогикалық білімі бар, орта-арнайы білімі бар педагогтар 39% құрайды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша тәрбиешілердің үлесі 28%.

Педагогтер аттестаттудан 2021-2022 жылдары жаңа форматта өтті: педагог-модератор – 2 педагог 11%, педагог-сарапшы – 3 педагог 17%. Педагогтер 3 жылды 1 рет біліктілік арттыру курстарынан уақытылы өтті. Балабақшада 6 топ жұмыс істейді. Жобалық қуаттылығы 140 орын, мемлекеттік білім беру тапсырысы – 159 бала.

Әдістемелік қызметтің мазмұны оқытуды технологияландыруға, жаңа дидактикалық материалды құрастыруға, стандарттан тыс тапсырмаларды іздеуге, стандарттан тыс жағдайларды жасауға бағытталған.

Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру оқу жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады. Оқу жүктемелері МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.

Пәндік-дамытушылық кеістікті құру кезінде әр баланың ерекшелігі ескерілді.

Балабақшада сауықтыру жұмыстары 3 негізгі бағыт бойынша жүргізіледі: медициналық-профилактикалық, дене шынықтыру-сауықтыру, әлеуметтік-психологиялық. Медициналық қызметтер контингенттің денсаулық жағдайы мен дамуын динамикалық бақылау, қозғалыс режимін

ұйымдастыруды, ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен таңғы жаттығуды ұйымдастыруды, шынықтыру дүйесінің жүзеге асырылын бақылау жүргізеді.

Екінші сұрақ бойынша басшы К.К.Канафина сөз сөйледі, ол комиссия мүшелері бағалау критерийлері бойынша есептеріне қорытындыларын шығарды.

Шешімі:

1. Білім беру ұйымының оқу жұмыс жоспары МЖЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгісілік жоспарына сәйкес келеді.

2. Балабақшаның пәндік-кеңістіктік және дамытушы ортасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиеленушілердің өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз етеді.

3. Үлгілік оқу жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекеттер тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарына сәйкес келеді.

Басшы
Хатшы



К.Канафина

А.Б.Жапарова